



**Егемен Қазақстан**

## **Абай, «дүние дос» және кавер-версия**

Музыкада кавер-версия (cover version) деген ұғым бар. Бұл – бір автор (композитор, әнші) шығармасының басқа автор тарапынан өз қалауынша өңделген нұсқасы. Ремикс (remix), ремейк (remake) деп жүрген нәрселер де осыған маңайлас. Бір қызығы, бұл құбылыс өзге өнер түрлерімен қатар, әдебиет әлеміне де еніп кетіпті. Екі-үш жыл бұрын орыс поэзиясының классигі Николай Заболоцкийдің «Әдемі емес қыз» деген өлеңіне 32 ақынның кавер-версия жазып, шығармашылық сайысқа түскені – соның бір мысалы.



Бұл ретте зерттеушілеріміз «әрі тарт, бері тарт» қылып жүрген – Абайдың «Кейде есер көңіл құрғырың» деп басталатын өлеңі де «еріксізден» осы кепті

киген сынайлы. Бас-аяғы 16 жолдан тұратын кемел туындының (біз ең соңғы ғылыми нұсқаны – 2020 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жарыққа шығарған ақын шығармаларының академиялық толық жинағындағы мәтінді алдық): «Махаббатсыз дүние дос, Хайуанға оны қосындар. Қызықтан өзге қалсаң бос, Қатының, балаң, досың бар», деген үшінші шумағындағы ерекшелеп көрсетілген қатар күні бүгінге дейін қызу әдеби пікірталастың өзегіне айналып келді. Әдебиеттанушылар екіге жарылды. Алғашқы топ «Махаббатсыз дүние дос» дегеннің дұрыстығына сан уәж келтірсе де, қарсы жақ оған дес бере қоймай – «Махаббатсыз дүние бос» екендігін дәлелдеуге тырысып бақты. Осы мәселеге, орысша айтқанда, «нүкте қоятын» уақыт жеткен секілді.

Өйткені «дос» пен «бостың» арасын біржолата ажыратпайынша, шын Абайдан адасып қалатын түріміз бар. Оның үстіне, қазақтың бас ақынын әрқайсымыз өз тұрғымыздан «редакциялаймыз», «ревизиялаймыз» деп жүргенде, бұл «жанашылдығымыздың» басқа сөз зергерлерінің мұрасына да зияны тиіп кетуі ықтимал екенін байқап отырмыз.

Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров 1912 жылы «шыбынындай шын досы» – дәрігер Шайбайжан Аймановқа арнаған «Достыма ұмытпастық үшін хат (Көңілдегі махаббатым)» атты өлеңінде поэзиядағы ұлы ұстазының үлгісіне жүгіне отырып, мына жолдарды жазған:

«Дүние дос, махаббатсыз мал секілді», – деген сөзін Абайдың есіңізге ал».

Сұлтанмахмұттың 1987 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген қос томдығының «Сарыарқаның жаңбыры» атты бірінші кітабының 56-бетінде осылай тұр. Оның алдындағы жинақтарында да сол тәрізді.

Ал енді ақынның 1993 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабында (51-бет) әлгі жол «Дүние бос, махаббатсыз мал секілді» болып өзгертілген. Оның үстіне, ғылыми түсіндірмеде: «Кітаптарда «дүние дос» болып қате жазылып келді. Шәймерген (дұрысы Шәймерден – А.Ш.) қолжазбасына сүйеніп түзеттік әрі Абайда да «Махаббатсыз дүние бос» емес пе?!» (247-бет), деген пайым алға тартылады. Біз павлодарлық зерттеуші Ермек Өтебайұлы жазғандай (Ана тілі, 1991, 25 сәуір), «Сұлтанмахмұтқа үш атадан қосылатын белнемере» туысы Шәймерден Торайғыровтың қолжазбасымен таныса алмадық. Орталық ғылыми кітапхана қорының санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты жабық болуы, өкінішке қарай, қолымызды байлады. Бірақ осы «түзетудің» көкейімізге қонбайтынын жасырмаймыз. Абай «дүние досты» хайуанға қосса, Сұлтанмахмұт сол ізбенен малға теңеп отырғаны айдан анық емес пе?

Абай өлеңіндегі «дүние», «дос», «махаббат» ұғымдарының әрқайсысы жеке-жеке орасан әлеуметтік-философиялық-этикалық жүк арқалап тұрғаны аян. Олардың арақатынасын, өзара байланысын қарастыруды, тіпті жыр алдиярының мына тақырыпқа орайлас «Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деген афоризмдерінің ішкі

сабақтастығын тұтас дүниетанымының контекстінде саралауды бұл арада өзімізге мақсат етіп қойған жоқпыз.

Қайткенде де, Сұлтанмахмұттың «дүние дос» дегені алдағы басылымдарда қайта қалпына келтірілуге тиіс. Ақын шығармасын өрескел бұрмалаудан тазалап алмаса болмайды.

Жоғарыдағы мысалдан «дос» пен «бос» проблемасының кемі отыз жылға жуық үзбей жалғасып келе жатқан тарихы бар екендігі көрінеді. Уақытында соның салқыны тиген болар, 1995 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының бірінші кітабының 159-бетінен «Махаббатсыз – дүниедос» деген жолды ұшыратамыз. Құрастырушылар мен редакторлар «дүние» және «дос» сөздерін қосып жазып, оның алдына сызықша қойғанда, қандай қисынға иек артқанын түсіне алмадық. Әлде бұл екіұдай пікірде жүрген ғалымдар үшін «дос» пен «бос» арасында туындаған қайшылықты айналып өтудің бір амалы болды ма екен?.. Ол жағы қазірше маңызды емес.

Біздің ендігі сүйенетініміз – Жоғары Мәртебелі Түпнұсқа. Құдайға шүкір, Абайдың 175 жылдық мерейлі белесінің аясында біршама жүзеге асырылған ықтиятты, ыждағатты текстологиялық жұмыстардың арқасында, хакімнің өзі айтқандай – «сөз түзелді». Соған қарап біздің де түзелмегіміз ләзім.


Осы орайда мәтінтануға тиісінше үлес қосқан екі ғылыми еңбекке ерекше назар аударғымыз келеді.

Бірі – белгілі этнограф-ғалым Нұрсан Әлімбаев жетекшілік еткен ғалымдар тобы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорында сақтаулы түпнұсқа қолжазбалар негізінде әзірлеген екі томдық ғылыми-инвентарлық каталог. Онда Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды мәліметтер жинақталған (Алматы: Интеллсервис, 2020).


Екіншісі – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми тобы дайындаған Абай шығармаларының үш томдық академиялық толық жинағы (Алматы: Жазушы, 2020).

Осы екі еңбектегі жарияланымдар бізге Абай өлеңіндегі даулы жолдың «Махаббатсыз дүние бос» емес, «Махаббатсыз дүние дос» екенін толық айқындап береді.


Мемлекеттік орталық музей каталогында Тұрағұл Абайұлы, Ахат Шәкәрімұлы, сондай-ақ Мүрсейіт Бікіұлы (кейбір зерттеушілердің пікірінше, соған телініп жүрген) қолжазбаларының факсимилелері мен кириллицаға түсірілген нұсқалары көпшілік қауымға тұңғыш рет ұсынылған. Осылардың қай-қайсысының да түп асылына үнілгенде, Абайдың «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңінің тоғызыншы жолы – каллиграфтардың әркелкі қолтаңбасына карамастан – «Махаббатсыз дүние/дүниа дос» болып оқылады:



Тұрағұл Абайұлы қолжазбасынан (1-том, 42-бет)




Мүрсейіт Бікіұлынікі делінетін қолжазбадан (1-том, 514-бет)



Ахат Шәкәрімұлы қолжазбасынан (2-том, 73-бет)

Әдебиет және өнер институты академиялық жинағының үшінші томында алғаш рет Абайдың 1909 жылы Петерборда жарық көрген тұңғыш жинағының литографиялық көшірмесі қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасымен қоса жарияланған. Оның мәтінінен де «Махаббатсыз дүние дос» деген жолдың айқын таңбасын көреміз:

Абайдың 909 жылғы тұңғыш жинағынан (3-том, 446-бет)



Институт ғалымдары князь Кудашевтың, Сәдуақас Шормановтың, Мүрсейіт Бікіұлының, Төлеу Түгелбайұлының, Шериаздан Марсековтің, т.б. көшірмешілер мен жинаушылардың қолжазбаларына ғылыми сипаттама жасап, олардың түпнұсқаларынан үзінділерді жарыққа шығарыпты. Егер бұл мәтіндермен түгел танысудың сәті туса, Абайдың біз қарастырып отырған өлеңіндегі таласты сөзге қатысты пікірдің дәйегі молая түседі деп ойлаймыз.

Мәтінтанушы ғалымдарымыздың іргелі ізденісі, тиянақты тірлігі нәтижесінде Абай төңірегіндегі бір тартыстың түйіні тарқаған секілді.

Ал енді әуелде Абайдың өлеңінен «өрбіп» шыққан, бірқатар оқымыстымыздың өзіндік топшылауынан туған «Махаббатсыз дүние бос» тіркесі де талай жұрттың санасына орнығып, дербес тіршілік ете бастағанына біраз болыпты. Бұған тап осы тақырыптас телесюжеттер мен телехабарлар көрсетіліп, қоғамдық пікірталастар өткізіліп, тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар ашылып, тіпті бір аудандық театр сахнасының төрінде спектакль қойылғаны – айқын дәлел.

Мұның сыртында, көптеген жасымыз жыл сайын 15 сәуірде бейресми түрде атап өтіп жүрген ғашықтар күні – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мейрамының қанатты қағидасына да айналып үлгеріпті. Және бір қызығы, көпшілік жұрт мұны Абайға тиесілі даналық сөз деп қабылдайды. Бұл да болса, теңдессіз ғұлама мұрасының мазмұндық аясы жағынан шексіз кең өрістілігін, түрлі қиял мен құлшынысқа тамызық бола беретінін айғақтайды.

«Кавер-версия» немесе «ремейк» демекші, сондай жаңғыртпалы дүниелер кейде түпнұсқадан әлдеқайда көбірек танымал болып жатады. Әлемдік өнер дүниесінде мұның мысалы жетіп артылады. Алысқа ұзамай-ақ, өзіміздің Иманбектің сәтті шыққан жалғыз ремиксі оны зор шығармашылық олжаға кенелтіп, күллі әлемге әйгілі етті. Бұл тұрғыдан қарағанда, «Махаббатсыз дүние бос» дегеніңіз де – Абай шығармашылығына қатысты жасалған заманауи кавер-версия іспетті.

Әлбетте, ғылымның талабы басқа. Біз үшін түпнұсқа Абай қымбатты.